



Ерте жас тобы

Қуыршақ театры: «Үйшік» қуыршақтар театры

«Үйшік» қуыршақтар театры



Әуенді тыңдау және бейнелерді көру үшін QR-кодты сканерлеңіз



Әуенді тыңдау және бейнелерді көру үшін QR-кодты сканерлеңіз





Міндеттері: балаларда қуыршақ театры түрінде белгілі ертегінің қойылымын қабылдау қабілетін дамытуды жалғастыру; ертегі кейіпкерлеріне жанашырлық таныту, сюжетті есте сақтау қабілетін дамытуға ықпал ету; көру, есту қабылдауын, зейіннің тұрақтылығын дамыту, сөйлеуді белсендіру; мейірімділікке, жауаптылыққа тәрбиелеу.

Қажетті құралдар: экран, шеттеріне бекітілген ағаштар, бұталар, гүлдер, үйшік силуэті; "Үйшік" ертегісінің кейіпкерлерін бейнелейтін қол қуыршақтары, ойыншықтар.

Өту барысы: көңілді, ырғақты әуен ойнап тұрады.

Педагог балаларды ортаға, шеңберге шақырып, музыка әуенімен билетеді. Балалар алақандарын соғып, секіріп, бастарын оңды-солды шайқайды.

Содан кейін педагог балаларды орманда серуендеуге шақырады.

Балалар педагог соңынан еріп, бұралмалы жолмен жүріп, баулардан секіріп, үйшіктің макетіне жақындайды.

- Міне, біз орман алқабында тұрмыз. Бұл не?

- Бұл үйшік. Дұрыс. Онда кім тұрады?

Педагог балаларды үйшіктің терезесіне қарауға шақырады. Балалар үйшіктің ішінде ешкім жоқтығына көз жеткізеді.

- Иә. Онда ешкім жоқ. Онда ешкім тұрмайды. Бос үйшік. Үйшік қашанға дейін бос тұрады?

(Педагог балаларға орындықтарға қайта оралуды ұсынады. Балалар отырғанда, ол экранның артына өтіп, ертегі айтушының костюмін киеді (немесе рөлді басқа педагог ойнайды)).

Жүргізуші, (кіріп амандасады):

- Сәлеметсіңдер ме, менің балаларым!

Мен келдім

Ертегі әкелдім.

Танысамыз бүгін

Үйшік толған жануарлар ертегісімен.

Содан кейін балалардың назары экрандағы кішкентай үйшікке аударады.

-Ой, міне, үйшік. Сіз оны таныдыңыз ба?

- Иә, ертегі «Үйшік» деп аталады.

(Егер балалар үлкендердің қатысуынсыз қойылымды көре алмаса, онда ширманы педагог оның артында еркін отырып, кейіпкерлерді экранның артына жүргізіп, балалардың реакциясын бақылай алатындай етіп қою керек. Балалардың зейінін сақтау үшін педагог осылайша кейде жетекші сұрақтарды балаларға қойып, байланыс жасап отырады.

Экранның артында екі педагог болуы мүмкін, олардың әрқайсысы екі кейіпкерді сомдайды.

Егер спектакльді тек бір адам орындаса, онда сіз қолғапты, кейіпкер қуыршағын қалай тез кию керек, оларды қайда қою керек және оларды айтарлықтай кедергісіз беру туралы ойлануыңыз керек.)

Жүргізушінің дауысы естіледі:

Бұл орманда болған оқиға еді. Ашық алаңқайда кіп-кішкентай ескі үйшік тұрған.

(Тышқан көрінеді)

Бірде оны қасынан жүгіріп өтіп бара жатқан тышқан көреді. Тышқан тоқтап:

- Сүп-сүйкімді, кіп-кішкентай бұл үйшікте кім бар? - деп сұрайды.

Ешкім жауап қайтармайды. Тышқан бос үйшікке кіріп, осында тұрып жатады.

(Бақа көрінеді)

Біраз уақыттан кейін үйшіктің маңына секіріп бақа келеді.

- Сүп-сүйкімді, кіп-кішкентай бұл үйшікте кім бар?

- Мен тықырлауық тышқанмын! Ал сен кімсің?

- Мен бақылдауық бақамын. - Кел, бірге тұрайық.

Бақа «бақ-бақ!» деп бақылдап, үйшікке секіріп кіреді. Тышқан екеуі тіл табысып, бірге тұрады.

(Қоян көрінеді)

Енді үйшік қасына ытқып-ытқып қоян жетеді.

- Сүп-сүйкімді, кіп-кішкентай бұл үйшікте кім бар? - деп сұрайды.

- Мен тықырлауық тышқанмын!

- Мен бақылдауық бақамын. Ал сен кімсің?

- Мен қорқақ қоянмын!

- Кел, бірге тұрайық.

Қоян да үйшікке кіреді. Осылай үшеуі бірге өмір сүре бастайды.

(Түлкі көрінеді)

Алыстан бұл үйшікті түлкі көреді. Ақырын басып жақын келіп, терезесін қағады да:

- Сүп-сүйкімді, кіп-кішкентай бұл үйшікте кім бар? - деп сұрайды.

- Мен тықырлауық тышқанмын!

- Мен бақылдауық бақамын.

- Мен қорқақ қоянмын! Ал сен кімсің?

- Мен қу түлкімін!

- Кел, бірге тұрайық.

Үйшіктен түлкіге де орын табылды. Достар енді төртеу болды.

(Қасқыр көрінеді)

Үйшікке тілі салақтап, айналасына алақ-жұлақ қарап қасқыр жетеді. Ол есікті қағып, қырылдаған дауысымен:

- Сүп-сүйкімді, кіп-кішкентай бұл үйшікте кім бар? - деп сұрайды.

- Мен тықырлауық тышқанмын!

- Мен бақылдауық бақамын.

- Мен қорқақ қоянмын!

- Мен қу түлкімін! Ал сен кімсің? - Мен сұр қасқырмын!

- Кел, бірге тұрайық.

Қасқыр қысыла-қымтырыла ішке кіреді. Әйтсе де кіп-кішкентай үйшікке бесеуі де сыйып кетеді. Барлығы қосылып, ән айтады. Тату-тәтті өмір сүреді.

(Аю көрінеді)

Бір күні жидек теріп жүрген аю үйшік тұрғындарының салған әнін естиді.

Ол үйшікке жақын келіп, бар дауысымен:

- Сүп-сүйкімді, кіп-кішкентай бұл үйшікте кім бар? - деп ақырады.

- Мен тықырлауық тышқанмын!

- Мен бақылдауық бақамын.

- Мен қорқақ қоянмын!

- Мен қу түлкімін!

- Ал мен болсам, сұр қасқырмын!

Ал сен кімсің?

- Мен қорбаңбай аюмын!

- Кел, бірге тұрайық.

Аю ары-бері тырбыңдап үйшікке кірмекші болады. Бірақ оның басы енгенімен, денесі сыймайды. Амалы таусылған аю:

- Ендеше мен үйшіктің шатырына шығып тұрайын, - дейді.

- Жоқ, сен дәусің! Сені кішкентай үйшігіміз көтере алмайды. Қиратасың ғой, - деп шырылдайды іштегілер.

- Қорықпаңдар, түк те болмайды, - деп аю олардың сөздеріне құлақ аспайды.

Кіп-кішкентай үйшіктің тұрғындары амалсыздан келіседі. Аю қорбаңдап үйшіктің төбесіне шығады. Сол-ақ екен, ескі үйшік сықырлап, шашылып қалады. Тықырлауық тышқан, бақылдауық бақа, қорқақ қоян, қу түлкі, сұр қасқыр - барлығы аман-есен үйшіктен шығып үлгереді.

Педагог сұрақтар қояды:

-Ертегі қалай аталды?

- Ертегіде қандай кейіпкерлер болды?
- Аю үйшікті неге сындырды?
- Жануарларға қалай көмектесуге болады?
- Үлкен үйшік тұрғызайық.

Педагог балаларға құрылыс материалының үлкен бөліктерін таңдауды, оларды бір-бірінің үстіне қоюды, қабырғаларды салуды және т.б.айтады. Педагог ойынды одан әрі жалғастыру үшін алдын ала үйшіктің іргетасын қалап қоюға болады. Балалар батырлардың бетперделерін киіп, белгі бойынша қозғалады, кейіпкерлердің қимылдарына еліктей алады (секіру, саусақпен жүру, аяқтың сыртымен жүру, т.б.).

Сонымен қатар, ойынның екінші түрін ұсынуға болады. Барлығы бірігіп, бөренелерді тасып, тақтайларды сүргілеп, жаңа үйшік тұрғызуға болады. Осылайша, балалар өздеріне әп-әдемі, жап-жаңа үйшік жасап алады. Ертегіне жаңадан жаңа үйшікті ұйымдастырып, рольдерді бөліп ойнатуға болады.

















